**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 14 желтоқсандағы N 1917 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қыркүйектегі N 936 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 15 маусымдағы № 367 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 15.06.2017 № 367 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасындағы экспорттық бақылау жүйесін жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 14 желтоқсандағы N 1917 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 54, 541-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссиясының құрамына мыналар енгізілсін:

Тәңірберген - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік
Саидмұрат Бапанұлы Кеңесінің Хатшылығы меңгерушісінің
орынбасары (келісім бойынша)

Кравченко - Қазақстан Республикасының Индустрия және
Иван Михайлович сауда бірінші вице-министрі;

мына:

"Мұқашев - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Жанат Бәзікенұлы Кеңсесі Сыртқы байланыстар бөлімінің сектор
меңгерушісі, Мемлекеттік комиссияның
хатшысы"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Мұқашев - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі
Жанат Бәзікенұлы Кеңсесінің Сыртқы байланыстар бөлімі
меңгерушісінің орынбасары, Мемлекеттік
комиссияның хатшысы";

көрсетілген құрамнан Өтембаев Ерік Мылтықбайұлы, Лукин Андрей Иванович шығарылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы ережеде:

5-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес экспорттық бақылау саласындағы ұлттық заңнаманы үйлестіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;";

6-тармақта:

2) тармақша алынып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) экспорттық бақылау мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізуге және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарауға;";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Комиссияның жұмыс органы отырысқа дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын және қарау үшін 7 (жеті) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде Комиссия мүшелеріне жіберетін Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен қажетті материалдарды дайындайды.";

16-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК